

**Қашықтан оқытуды  
ұйымдастыру жөнінде ата-  
аналарға арналған  
жадынама**

*Баланың бас ұстазы-  
ата-анасы*

# Қашықтықтан оқудағы ата –ананың міндеттері

- ▶ Баламен бірге күн режимін жасау;
- ▶ Баланың қолдаушысы, кеңесшісі болу;
- ▶ Сабырлық, шыдамдылық таныту;
- ▶ Жаңа тәжірибені қабылдау;
- ▶ Құрылғылармен шама келгенше қамтамасыз ету;
- ▶ Балаға бағыт беруге көмектесу;

# Нені ескеруіңіз қажет.....

- ▶ сабақтың басталу уақыты ..... (кейін хабарланады);
- ▶ сабақ кестесі оқушының жұмыс орнына (көрінетін) жақын жерде болуы керек;
- ▶ сабақтар қатаң түрде уақытында өткізіледі (кесте бойынша);
- ▶ компьютер (телефон) толығымен зарядталған болуы тиіс, кешке дайындап қойған жөн;

# **Балаңыз үшін.....**

- ▶ **арнайы сабақ оқу орны белгіленуі шарт;**
- ▶ **сабаққа уақытында қосылыңыз: сабақ басталуға 5 минут қалғанда;**
- ▶ **балалардың жуынып, таранып, ұқыпты киінуі маңызды (жатын киім мен халаттарда емес)**

# Сабақ өтіп жатқанда....

- ▶ **Бөлмеде қатаң тыныштық сақталуы тиіс, сыртқы дыбыстарды өшіруіңіз керек.**
- ▶ **Сабақ уақытында отбасындағы басқа балалар мен үй жануарларының кедергі келтірмеуін назарда ұстаңыз;**

## **Сабақ өтіп жатқанда....**

- ▶ **Сабақ барысында балалардың бөлмеден шықпауы, орынсыз тамақтанбауы, басқа бөгде заттарға алаңдамауы, онлайн сабақтан шығып кетпеуі назарда болуы керек;**
  
- ▶ **егер мұғалім сұрақ қойса, компьютердегі арнайы тетікшені қолданып қолыңызды көтеріп жауап бере аласыз; (ZOOM болғанда)**

# Нұсқауларға назар аударыңыз.....

- ▶ оқушы мұғалімнің нұсқауларын қатаң орындауы керек;
- ▶ мұғалімге сұрақтар сабақтың түсіндірмесінен кейін, яғни мұғалім сұраған кезде ғана қойылады;
- ▶ сабақты түсіндіру кезінде ата-аналар мен балаларға чатта жазуға тыйым салынады;( тек дыбыс болмай, естілмей қалған жағдайда ғана рұқсат беріледі);

# Ата –аналар есіне.....

- ▶ *балаға жауап бергенде орнынан тұрудың қажеті жоқ;*
- ▶ *мұғалімнің рұқсатынсыз суретке, бейнетаспаға түсіруге, жүргізілген сабақты әлеуметтік желілерде жариялауға қатаң тыйым салынады*
- ▶ *сабақ барысында ата-аналарға араласуға шектеу қойылады;*
- ▶ *сабақта оқушының себепсіз қатыспай қалғаны үшін ата-ана жауап береді.*



# **Сіздерден сұрайтынымыз....**

- ▶ **Балаңыздың аз уақыт онлайн болуын, көп уақытын өз бетімен жұмыс жасауын қадағалаңыз....**
- ▶ **Үй тапсырмаларын уақытында орындап , мұғаліммен кері байланыста болуын қадағалаңыз....**
- ▶ **Балаңыздың қосымша тапсырмалар орындауын, әдеби кітаптар оқуын, телеарна сабақтарын уақытында көруін қадағалаңыз...**

## **Балаңызбен бірге.....**

- ▶ **Таңғы жаттығулар жасау;**
- ▶ **Дұрыс тамақтану;**
- ▶ **Би ұйымдастыру;**
- ▶ **Кітап оқу**
- ▶ **Бірге фильм көру;**
- ▶ **Үй шаруасынаи тарту;**
- ▶ **Өлеңдер жаттау**
- ▶ **Тәжірибелер жасау;**

*Елімізде болып жатқан  
жағдайларға түсінушілікпен қарап,  
ертеңгі болашағымыз үшін үйден  
шықпай білім алуда*

**бізбен бірге болыңыз...**